

Химиялык закымдану кезінде сіздің іс-әрекеттеріңіз

Ондірісте колданылатын ең көп таралған әсері күшті улы заттарға хлор және аммиак жатады.

Хлор – түншықтырғыш қасиеті бар жасылдау-сары газ, откір иісі бар. 5-7 атмосфералық қысымнан тартылады. Сұйық күйінде сақталып және тасымалданады. Суда тез ериді. Көптеген өндірісте колданылады. Көп көлемін тазартуға және ауыз суын және коммуналды шаруашылықты ағын суларын тазартуға колданады. Жоғарғы тыныс алу мүшелеріне откір қоздырғыш қасиеті бар. Үлкен концентрация кезінде өкпенің ісігіне алып келеді, сондықтан хлормен жаракаттанғанға жасанды дем жасауға тыйым салынады. Газ күйінде ауада булануы кезінде хлор ауадан 2,5 есеп ауыр, сондықтан бұлт жерге қарай ұмтылады, ойпаттарда, жертоледе және тағы басқа ойық жерлерде жиналып, хлордың ажалды концентрациясын қалыптастырады.

Аммиак – нашар иісі бар түссіз газ, суда жақсы ериді, аммиактың құрғақ күйі ауамен араласқанда (4:3) атылады. -33С температурада түссіз сұйықтыққа айналады. Қоздырғыш токсинді қасиеті бар, жоғарғы тыныс алуға және қозға әсер етеді, үлкен концентрацияда орталық жүйке жүйесіне әсер етеді және дірілге әкеп соғады, қоздін және терінің тоназу күйектері пайда болуы мүмкін. Хлормен, аммиакпен және басқа да улы заттармен химиялық уланудың қауіпі тону мүмкін деген ақпаратты естігенде сіздің тұратын жеріңізді, жұмыс орнының есектерін, терезелерін берік жауып, газ және электрожылытқыш құрылғыларды өшіріңіз. Егер уақыт бар болса есіктін, терезенің жақтауларын суланған матамен бітеніз. Егер улы заттың буын қоретін болсаңыз, «В» маркалы сырты сары түсті (хлорға қарсы) немесе «КД» маркасын (аммиакқа қарсы) газқағарды киіңіз. Егер өнеркәсіптің газқағарлар жоқ болса, азаматтық кез келген 30-40 минутқа уланудан қорғайтын газқағарды колданыңыз. Егер газқағар мүлдем болмаса сумен немесе 25% сода ерітіндісінде суланған маталы байлауышты пайдаланыңыз немесе жүнді және мақталы киім болшектері. Ең тиімдісі ол өзіңіздің немесе өз баланыңыздың кіші дәретімен суланған бетбайлауыштар. Егер сіз уланған аймақта (газдалған пәтерде) қалып қойсаңыз, тыныс жолдарына қорғаныс жасауға ұмтылыңыз, ашық жолы бар бағытпен шығыңыз. Сізге радиодауыспен желдің бағыты айтылады. Хлормен уланған ошақтарда гимараттың жоғары қабаттарына көтерілуге болады.

Уланған территорияда тез қозғалыңыз, бірақ жүгірмеңіз, шанды көтермеңіз. Жыбық аулалармен, отпелі үй подъездімен, тығыз құрылыс аймақтарында қозғалуға

тырыспаныз. Жаксы желдетілген аймактарга шыгуа ұмтылыңыз. Уланган аймактан шыкканнан кейін жакындарыңызга, балаларга, карт адамдарга, әсіресе уланып калгандарга комек корсетіңіз. Егер химиялык қауіпті территорияда жұмыс жасаган болсаныз, онда техникалык қауіпсіздікті сақтауды ұмытпаныз. Хлор буымен жаракаттангандарды уланган аймактан алып шыгып, нашатыр спиртін иіскетіңіз, козді, мұрынды, ауыз куысын, тамакты сода ерітіндісімен шайып, жылы су немесе шай беріп, жылы және тыныш мекенді ұсыныңыз.

Аммиак буымен жаракаттангандарды уланган аймактан алып шыгып, сірке кышкылын немесе жылы су буын иіскетіңіз. Керек болса жаракаттанушыга жасанды дем жасаныз.